



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Е.Н. Мәмбетовке,  
С.Б. Мұсабаевқа

2023 жылғы 12 сәуірдегі  
№ ДС-58

### Құрметті Еркебұлан Нұрмағамбетұлы, Самат Базарбайұлы!

Солтүстік Қазақстан облысын газдандыруға қатысты депутаттық сауалды қарап мынаны хабарлаймын.

Сіздердің сауалыңызда айтылғандай, солтүстік аймақтарды газдандырудың 2 нұсқасы қарастырылған.

«Сарыарқа» магистральдық газ құбырынан газдандыру нұсқасы бойынша 2022 жылғы маусымда «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарын газдандыруды көздейтін «Сарыарқа» МГҚ 2, 3-кезеңдерін салу» жобасына техникалық-экономикалық негіздемені түзетті.

Әзірленген жобаға сәйкес аталған облыстардың газды тұтыну көлемі – шамамен 245 мың м<sup>3</sup>/сағ немесе жылына 657 млн м<sup>3</sup>.

Сонымен қатар «Сарыарқа» МГҚ «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырына (бұдан әрі-ББШ газ құбыры) қосылған, ол 2022-2023 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде 106%-ға жүктелген (жобалық жүктеу 1 720 м<sup>3</sup>/сағ болған кезде, нақты жүктеме 1 820 мың м<sup>3</sup>/сағ құрады).

Осыған байланысты аталған облыстардың айтарлықтай тұтыну көлемін ескере отырып, жобаны іске асыру еліміздің оңтүстік өңірлерін газбен жабдықтайтын негізгі газ артериясының тұрақты жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Қолданыстағы газ құбырының өткізу қабілетін кеңейту мақсатында «QazaqGaz» ҰК» АҚ ББШ газ құбырының 2-ші тізбегін жобалау бойынша жұмыстарды бастады, оның аяқталу мерзімі ағымдағы жылдың соңына дейін.

Солтүстік өңірлерді газдандырудың бірнеше нұсқасы қарастырылуда. Меншікті газ тасымалдау жүйесі мен газ ресурстарының техникалық мүмкіндіктері айқындалғаннан кейін оңтайлы нұсқа әзірленетін болады.

Р. Скляр